

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ

**«№39 «Достық» бөбекжай - балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
2024-2025 оқу жылының өзін-өзі бағалау**

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Ақтөбе қаласы 2025жыл

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы
ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

30.05.2025 жыл

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары» және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің» РММ төрағасы Е.Дауеновпен 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар» негізінде №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында өзін-өзі бағалау жұмыстары жүргізілді.

Өзін-өзі бағалаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәлімет

Мекеменің атауы: мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасы;

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Чекалин көшесі, 36

Телефон: 8 (7132) 53-61-24, 53-63-06, 50-75-30;

Электронная почта: 39-dostyk@aktgoroo.kz

Мекеме сайтының домені: dostyk39-aktobe.edu.kz

Инстаграмм: dostyk39;

Фейсбук: dostyk39;

Ютуб-канал: dostyk39

Жалпы аланы 3210 ш.м.

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері:

Г.Т. Амирова., Ақтөбе ҚББ 01.10.2024ж. №225 бұйрығымен менгеруші қызметіне тағайындалған.

Құқық беруші және құрылтайшы құжаттары:

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2022ж. 6 қаңтарда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен берілген.

Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 16.08.2010 жыл, БСН 100840008593

Құрылтайшысы: «Ақтөбе облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

Жарғы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 06.01.2022 жылы тіркеліп, Ақтөбе облысының әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы №390 қаулысымен бекітілген.

Рұқсат беру құжаттары:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 13 ақпанында №KZ08XXX00007913 хабарлама берілген.

Алашқы медициналық санитарлық көмек дәрігерге дейін Лицензия Серия АК №10398DD-25.04.2011- «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ

«Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі» мемлекеттік деректер қорындағы мәліметтерге сәйкес келеді.

Ақпараттық анықтама. ҚР «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы аясында күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстарынан кейін 2011 жылдың қаңтар айында МКҚК №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы қолданысқа берілді. Бөбекжай-балабақшасында 10 топ, барлық бала саны-280, оның 7 тобында оқу-тәрбие мемлекеттік тілде беріледі.

_2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізетін педагогтар саны-25, оның 5педагог (50%) жоғары білімі бар,жоғары мектепке дейінгі тәрбие мамандығы бойынша 10 (25%) педагог, арнаулы орта-10(25%) мектепке дейінгі арнаулы қызмет етеді. Жоғары білікті педагогтер жұмыста заманауи, алдыңғы қатарлы халықаралық және республикалық тәжірибелерді қолданады.

2013 жылы №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік бақылаудан өтті.

2019 жылы – профилактикалық мемлекеттік бақылаудан өтті.

2023 жылы -мемлекеттік аттестациядан «үлгілі» бағамен өтті

Материалдық-техникалық базасы.Жоба қуаттылығы - 280 орын. №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы балалардың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасалған мектепке дейінгі ұйымдарының бірі. Басымдықтардың бірі - балалардың денсаулығын сақтау және нығайту үшін жағдай

жасау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіздік шарттар құрылды: мамандандырылған күзеті бар аумағы заманауи абаттандырылған, электрондық өткізу жүйесі (турникет), бейнедомофон, сыртқы және ішкі бейнебақылау (26 бейнекамера), күзет-өрт дабылы жүйесі, қауіпсіз пәндік-кеңестік даму ортасы.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар мен мүмкіндіктері шектеулі келушілер үшін №39 "Достық" бөбекжай-балабақшасының аумағында және ғимаратында арнайы жағдайлар жасалған: пандус, тактильді жолдар, брайль тақтайшалары, мнемотаблицалар, сигналдық белгілер, кең кіреберістер (1,5м) жасалынды, дәретханалардағы арнайы құрылғылар. Ақтөбе қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен 03.03.2022 жылда бекітілген әлеуметтік инфрақұрылым объектісінің кедергісіз орта Паспорты бар.

Инновациялар:

2014-2022 жж. республикалық «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарлама бойынша пилоттық мекеме болып тағайындалған.

2013-2015 жж. республикалық эксперимент «Мектепке дейінгі ұйымда жаңа технологиялар мен білім беретін оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу»

2012-2016 жж. облыстық эксперимент «Мектеп жасына дейінгі балаға тілдің үш тұғырлығы арқылы көп тілділікті қалыптастыру»;

2012-2016ж. облыстық эксперимент «Экологиялық тәрбиеге -шығармашылық ЭКО зертхана».

2019-2022 жж. облыстық эксперимент «Заманауи білім беру технологияларын енгізу негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыру».

2018 ж. бастап «Теннис до 10» қалалық эксперимент.

2023-2029 жж. - (республикалық) өмірлік мобильді топ құзыреттілік орталығы болып табылады.

Жетістіктері: Соңғы 3 жылда МДҰ педагогтары білім беруге бағытталған 26 адаптивтік бағдарлама, 14 педагогтың әдістемелік жұмыстары облыстық жинақтан жарық көрді. Жыл сайын МДҰ-ның педагогтары және тәрбиеленушілері республикалық, облыстық және қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындармен және сертификатпен марапатталды.

Балабақшаның меңгерушісі: Г.Т.Амирова Жалпы еңбек өтілі – 14 жыл, бай, жоғары білімді.

МЖМБС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнының орындалуын қамтамасыз ететін "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" мамандығы бойынша білімі бар педагогтердің болуы

2024-2025 оқу жылында барлығы 28 педагог жұмыс атқарады:

Жоғары білімді-7 педагог (25%), жоғарғы мектепке дейінгі-11 (40%), арнаулы орта- 5(18%). Оның ішінде:

Мектепке дейінгі арнаулы орта білім-5(18%)

Білімі бойынша педагогтар

Оқу жылы	Барлық педагог	Жоғары білімді	Мектепке дейінгі жоғ	Арнаулы орта білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Пед.білімі жок
2022-2023	26	17-50%	10-29%	4-12%	15-44%	-
2023-2024	26	14- 54%	8-31%	3-11%	10-38%	-
2024-2025	28	7-25%	11-40%	5-18%	5-18%	-

Біліктілік санаты бойынша педагогтар

Оқу жылы	Педагог саны	Басшы-көшбасшы	Жоғары	1-ші	2-ші	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог зерттеуші	Педагог
2022-2023	26	-	1-2%	3-8%	9-26%	3-8%	1-2%	1-2%	-
2023-2024	26	1-4%	-	3-11%	5-19%	3-11%	1-4%	1-4%	3-11%
2024-2025	28	-	-	-	-	14-50%	5-18%	1-4%	8-29%

Біліктілік санаттарының көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы: 26 педагогтан санаты бар 18 педагог (53%)

2023-2024оқу жылы: 26 педагогтан санаты бар 17 педагог (65%)

2024-2025 оқу жылы: 28 педагогтан санаты бар 18 педагог (67%)

Біліктілікті арттыру курсынан өткен педагогтар

Оқу жылдары	Педагогтар саны	«Өрлеу» БАҰО	«Педагогикалық шеберлік» орталығы	Балаларды ерте дамыту институты	Басқа курстар
2022-2023	26	6	2	-	1
2023-2024	26	3	-	-	1
2024-2025	28	4	-	2	-

Біліктілікті арттыру курстарының көрсеткіші

2022-2023 оқу жылы: 26 педагогтан 9 педагог (26%)

2023-2024 жылы: 26 педагогтан 5 педагог (18%)

2024-2025 жылы: 28 педагогтан 5 педагог (18%)

Кадрлық құрамға талдау:

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасында 10 топ жұмыс жасайды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығын қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында: «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штатарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штатары негізінде балабақша 2024-2025 оқу жылына арналған штаттық кесте жыл сайын Ақтөбе қаласының білім бөлімінің басшысымен келісіледі.

№	Лауазымдардың атауы	Үлгілік штаттық кестеге сәйкес	ББ-нің бекітілген штаттық кесте бойынша (ш.б)
1	Меңгеруші	1	1
2	Әдіскер	1	1
3	Тәрбиеші	10топ*2,25=22.5	10топ*2,25=22.5
4	Музыка жетекшісі	2	2
5	Дене шынықтыру нұсқаушысы	2	2
6	Қазақ тілі мұғалімі	1	1
7	Психолог	1	1

Бұдан, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығын қосымша «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары» 2 тарауының 21 тармағында: «Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны «Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штатарына сәйкес белгіленеді. Штаттық кесте және педагогтердің тарификациясы мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылды»-деп көрсетілген талабына сәйкес келеді.

Білімі, мамандығы және біліктілік санаттары бойынша:

№39 «Достық» бөбекжай- балабақшасында барлығы 28 педагог жұмыс жасайды.

Менгеруші-1, әдіскер-1, қазақ тілі мұғалімі-1, тәрбиеші-20, музыка жетекшісі-2, денешынықтыру нұсқаушысы-2, психолог-1

3.Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұны бойынша тәрбиеленушілер контингенті: №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы сыйымдылығы 280 орын 10 топ. Қазіргі таңда 280 бала тәрбиеленуде. 2-6 жас аралығындағы балалар қабылданады.

№	Жас аралығы	Топтар саны/балалар саны
1	Кіші жас (2 жастан бастап)	2 топ/ 40бала
2	Орта жас (3 жастан бастап)	3 топ/90 бала
3	Ересек жас (4 жастан бастап)	3 топ/90 бала
4	Мектепалды жасы (5 жастан бастап)	2 топ/60 бала
	Барлық топтар саны/ балалардың саны	10 топ/280 бала

«Балапан» кіші қазақ тобы 2-3 жас – 20 бала

«Ақбота» кіші қазақ тобы 2-3 жас – 20 бала

«Айналайын» ортаңғы орыс тобы 3-4 жас – 30 бала

«Жұлдыз» ересек қазақ тобы 3-4 жас – 30 бала

«Күншуақ» ересек қазақ тобы 3-4 жас – 30 бала

«Балдәурен» ортаңғы қазақ тобы 4-5 жас – 30 бала

«Бұлақ» ортаңғы қазақ тобы 4-5 жас – 30бала

«Асылтас» мектепалды орыс тобы 4-5 жас – 30 бала

«Бәйтерек» мектепалды қазақ тобы 5-6 жас – 30бала

«Қызғалдақ» ересек орыс тобы 5-6 жас – 30 бала

Жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды әзірлеу кезінде баланың ерекшеліктерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды оқытуда инклюзивті білім беру талаптарын орындау:

2024-2025оқу жылдарында №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар болған жоқ (анықтама қосымшада). Бірақ жағдай жасалынды.

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – МДТО ҰОЖ) сәйкестігі: мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі.

2024-2025 оқу жылы Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту Моделі (ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы; ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы; Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары ҚР Оқу-ағарту министрінің 31.08. 2022 ж. № 385 бұйрығы және «ҚР мектепке дейінгі ұйымдарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынып, оқу-тәрбие процесс ұйымдастырылды.

2) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) сәйкес білім беру қызметін жүзеге асыру, соның ішінде:

Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекетінің МЖМБС талаптарына сәйкес №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 280 орын 10 топ. Қазіргі таңда 280 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті «Дара бала» сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту-тәрбиелеу процесін: ҚР «Білім туралы» Заңына; Жарғысына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты; Оқу жұмыс жоспарларына; Ішкі тәртіп ережелеріне; ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңына; Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне; ҚР Оқу-ағарту министрлігінің, облыстық білім басқармасының және қалалық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада жылдық жоспарға сәйкес педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Облыстық, қалалық семинар, шебер сыныптарына қатысып, іс-тәжірибе алмасып отырады. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарына жанашыл әдістемелерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жанартылған мазмұны жағдайларында педагогикалық процесті ұйымдастыру

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жанартылған мазмұны: перспективалық жоспар, апталық циклограмма, балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін бақылау үшін мониторингтер жүйесін енгізу арқылы іске асырылады.

2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу – білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынды, мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

Оқу жоспарының мазмұны «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруда.

Бөбекжай-балабақшаның оқу жұмыс жоспары қалалық білім бөлімі басшысымен келісіліп, меңгерушімен бекітілген. Перспективалық жоспарға сәйкес әр апта бойынша балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқып-үйрену дағдыларын дамытуға бағытталған жан-жақты зерделеуге арналған апталық жоспар (циклограмма) жасалған. Білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында циклограммаларда Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес, балалардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқу-тәрбие жұмысы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына орындау мақсатында баланы жеке тұлға ретінде дамытудың тиімді жолдары қарастырылған. Қозғалыс, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білімдерді, біліктер мен дағдыларды, оның ішінде ерте жастағы балаларда қалыптастыру бойынша өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында үлгілік оқу бағдарламасы бойынша материалдар топтамасын қолдануда және балалармен ұйымдастырылған іс-әрекетті жүзеге асырудағы әр оқу жылының бірінші педагогикалық отырысында бекітілген.

2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады: ойын арқылы оқыту; түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

Жылдық жұмыс жоспарында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, ағымдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген. Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекетінің жылдық перспективалық жоспары білім беру дағдыларына-физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік дағдыларды дамыту, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру дағдылары ескере отырып құрылған. Жылдық жоспар, жас ерекшеліктеріне байланысты күн тәртібі балабақша меңгерушісімен бекітілген. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізіліп, хаттамалары жазылған.

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасының мектеппен сабақтастық кестесі құрылып, балабақша меңгерушісі мен мектеп директорының қолы қойылып, мөрленген. Балабақша педагогтары жоспарға сай мектеп кітапханасына, спорт залына, жалпы мектеппен танысуға тәрбиеленушілерді саяхатқа апару, сонымен қатар бастауыш буын педагогтарымен түрлі кездесу семинарларын өткізіп, үнемі тығыз байланыста болады. Балабақша педагогтары қалалық, аймақтық семинар практикумдар өткізіп, іс-тәжірибелерімен бөлісу жақсы жолға қойылған.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын іске асыру Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен Стандартта айқындалған міндеттері орындауды талап етеді.

«Біртұтас тәрбие» ұлттық бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша, жалпы ұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарды, патриотизм мен төзімділікке тәрбиелеу мақсатында жүргізілген іс-шаралар жүйесі бар.

Балабақшала «Аталар», «Әжелер», «Аналар», «Әкелер» мектебі ашылып, семинарларда белсенді қатысып, өз жұмысын нәтижелі бастады. Ата-аналармен қарым-қатынас жақсы қалыптасқан. Ата-аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата-аналар туралы мәліметтер жинақталған.

Қосымша ақылы қызмет:

«Танцуй малыш», «Мы играем футбол», «Домбыра» бағдарламалары алынды. Қосымша ақылы қызмет бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет аптасына 2 рет, күннің екінші жартысында жүргізіледі.

Топтар	Бағдарлама атауы	Аптадағы жүктемесі
Ортанғы – 3 Ересек – 3 Мектепалды - 2	«Танцуй малыш»	72
Ересек – 3 Мектепалды - 2	«Домбыра	72
Ересек – 3 Мектепалды - 2	«Мы играем футбол»	72

Бағдарламалар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында алынды. 2024- 2025 ж. оқу жоспары педагогикалық кеңесте қаралып (хаттама № 1 29 .08.2024 ж) қалалық сараптау комиссиясының шешімі және бұйрығы негізінде жүзеге асырылады.

2024-2025 оқу жылына арналған күн тәртібі барлық топтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес құрастырылған, баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға тәулік бойы уақытты тиімді бөлу және түрлі іс-әрекетпен демалыстың бірізділігі қамтылған.

3) МДТО ҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы:

2024-2025 оқу жылдарының білім дағдылары бойынша мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі оқытудың оқу жоспары:

Кіші топ:

Дене шынықтыру- аптасына үш рет (дене шынықтыру-күн сайын)

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет-күн сайын

Сенсорика-күн сайын

Қоршаған ортамен таныстыру-күн сайын

Сурет салу-күн сайын

Мүсіндеу-күн сайын

Жапсыру-күн сайын

Құрастыру-күн сайын

Музыка-аптасына бір рет

Музыка-күн сайын

Ортанғы топ:

Дене шынықтыру-аптасына үш рет (дене шынықтыру-күн сайын)

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет-күн сайын

Қазақ тілі-аптасына бір рет

Қазақ тілі-күн сайын

Математика негіздері-күн сайын

Қоршаған ортамен таныстыру-күн сайын

Сурет салу-күн сайын

Мүсіндеу-күн сайын

Жапсыру-күн сайын

Құрастыру-күн сайын

Музыка-аптасына бір рет

Музыка-күн сайын

Ересек топ:

Дене шынықтыру-үш рет (дене шынықтыру-күн сайын)

Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет-күн сайын

Қазақ тілі-аптасына бір рет

Қазақ тілі-күн сайын

Математика негіздері-күн сайын

Қоршаған ортамен таныстыру-күн сайын

Сурет салу-күн сайын

Мүсіндеу-күн сайын

Жапсыру-күн сайын

Құрастыру-күн сайын

Музыка-аптасына екі рет

Музыка-күн сайын

Мектепалды даярлық топ

Дене шынықтыру-3 сағат (дене шынықтыру-күн сайын)

Сөйлеуді дамыту -2 сағат

Көркем әдебиет- 2 сағат

Қазақ тілі-2 сағат

Қазақ тілі-күн сайын

Сауат ашу негіздері-3 сағат

Математика негіздері-3 сағат

Қоршаған ортамен таныстыру-2 сағат

Сурет салу

Мүсіндеу

Жапсыру - 1 сағат

Құрастыру

Музыка-аптасына 2 сағат

Музыка-күн сайын

Барлығы - 20 сағат

5. МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру

Барлық топтар заманауи балаларға арналған көп функционалдық жиһаздары және ойыншықтармен жабдықталған. 10 топта 43 дюйм үлкен СМАРТ теледидар, музыка залында ИНТЕРАКТИВ такта орнатылған, денешынықтыру залы, қазақ тілі, әдістемелік, психолог кабинеттер техникалық құрал-жабдықтармен қамтылған. 2023 жылы жаңартылған Мемлекеттік стандарт пен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделінің» талаптарына сәйкес "Кітапқұмар" кітапханасы ашылды. Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту және қалыптастыруға медициналық және егілу кабинетінде жүзеге асырылады. Балабақшада балалардың теңдестірілген 5-рет тамақтануы ұйымдастырылған. Көріктендірілген балабақшаның аймағында спорттық және ойындық жабдықтар балалардың денсаулығын нығайтуға, ата-аналармен тәрбиеленушілер арасында дене шынықтыру және спортты дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар экологиялық аймақ: шыршалар, бақша, гүлзарлар экологиялық тәрбие беруге қызмет көрсетеді.

Топтағы пәндік-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, бөбекжай-балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшеліктеріне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата-аналарға арналған акпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы акпараттар берілген. Топтарда сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған. Балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында

драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау, балалардың жас ерекшеліктері сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілді.

Физикалық қасиеттерді дамыту бойынша:

Топтарда балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін құралдар, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған массажды төсеніштер, түрлі пішінмен ойын материалдары бар. Спорттық құрал жабдықтар, секіргіш резина аттар, скакалка, обруч, құм салған қалташалар, кеглилер т.б. бар. Баланың мәдени-гигиеналық дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары жасалған талапқа сай.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша:

Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген. Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру. Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығымен зейінін тұрақтандыру. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру, диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шығармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйретуге бағытталап жасакталған көрнекілік құралдары жеткілікті.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша:

Баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (домино, құрастырулар, пазылдар түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар, саусақ моторикасын дамытатын ойын түрлері, сенсорлы үйшіктер т.б.) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесе зерттеуге арналған табиғат бұрыштары, тірі табиғат бұрышы-аквариум балықтары бар.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін бойынша

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен, сахналық қойылымға арналған үйшіктермен, театр сахналау, көлеңкелі театр, сахналық ертегі қойылымына арналған алжапқыштар т.б. әр түрлі макеттермен жабдықталған.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ұлттық ойындар жинақтары жинақталған.

Бөбекжай-балабақшасы «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жаратқандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 және ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрықтарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету уақытылы жұмыстар жүргізіледі.

6. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау

Бөбекжай-балабақшада әдістемелік бөлме және «Кітапқұмар» бөлмесі заман талабына сай әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, семинарларда өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған. Бөбекжай-балабақшада әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейінгі мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік

жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жанашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған.

Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар. Бөбекжай-балабақша арнайы әдістемелік басылым журналдарымен толықтырылуда.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай. Бөбекжай-балабақшаның топтары ойын материалдары мен құрал-жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер саны жеткілікті. Баспасөз беттерінде (республикалық, облыстық, қалалық деңгейде) педагогтардың жұмыстары жарияланды. Сонымен қатар бөбекжай-балабақша педагогтары іс-тәжірибе алмастыру үшін өздерінің құрастырған әдістемелік құралдары мен электронды ортасы бар.

№	Басылымның тақырыбы	Құрастырғандар
1	«Экозертхана Достық Эколаборатория» 2013ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Олешко Л.И
2	«Экозертхана Достық Эколаборатория» 2013ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Олешко Л.И, Дүйсенова А.Б
3	«Ата-аналармен жұмыс» мектепке даярлық «Бәйтерек» тобы 2013ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж
4	«Баламызға жүрегімізді ұсынамыз» ата-аналар клубы 2014ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж
5	Сергіту жаттығулары 2014ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Дүйсенова А.Б, Төлеуова Е.Қ
6	«Мектепке дейінгі ұйымда үш тілді ерте жастан оқыту» 2014ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Сағимбаева Д.С
7	«Эколаборатория» 2014ж Әдістемелік құрал	Олешко Л.И
8	«Өзін-өзі тану-жүректің кілті» 2015 Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж., Дүйсенова А.Б
9	«Ата-аналармен жұмыс» 2015ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Зимханова А.
10	«Тәрбие тал бесіктен басталады» 2015ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Дүйсенова А.Б
11	«Мектеп жасына дейінгі балалардың музыкалық қабілетін дамытудың тиімді жолдары» 2016ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Жақаева Д.К
12	«Біз өнегелі ұланбыз» 2016ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Табышева Л.Т
13	«Этикет для дошколят» 2016ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Андреева Е.В
14	«Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде балабақшадағы тәрбие» 2016ж Әдістемелік құрал	Абилова Г.Н
15	«Тәсіл негізі-тәжірибеде» 2016ж Әдістемелік құрал	Мандыбаева Ж.Қ
16	«Ғажайып шахмат әлемі» Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж, Ұзақбай Г.Б
17	«Малый театр» 2016 Әдістемелік құрал	Баева З.А
18	«Эколаборатория» 2016ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Олешко Л.И, Чипегина В.А
19	«Қыз-елдің көркі» 2017ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Омаралиева Г.С
20	«Эколаборатория» 2017ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Олешко Л.И, Чипегина В.А

21	«Народное творчество в обучении русскому языку» 2017ж Әдістемелік құрал	Тайжанова Д.У
22	«Мектепке дейінгі ұйымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқау» Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж
23	«Мектепке дейінгі ұйымдарда рухани-адамгершілік білім беру» 2018ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Дүйсенова А.Б
24	«Жаңартылған білім беру мазмұнының ерекшеліктері» 2020ж Әдістемелік құрал	Ұзақбай Г.Б
25	«Бала тілін дамытудағы ойынның маңызы» 2021ж Әдістемелік құрал	Табышева Л.Т
26	«Жас ұрпаққа патриоттық тәрбие беру» 2021ж Әдістемелік құрал	Уркимбаева А.Ж Дүйсенқұлова Г.Р
27	«Ертегі терапиясы» 2021ж Электронды орта	Табышева Л.Т
28	«Музыкотерапия» 2021ж Электронды орта	Дауева А.З
29	«Тәрбиешіге тәжірибемнен» 2022ж Электронды орта	Биманова Д.Т
30	«Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу дағдысын қалыптастыру» 2021ж Электронды орта	Дүйсенқұлова Г.Р
31	«Қызықты математика» 2023ж Электронды орта	Намазбаева Г.А
32	«Мектепалды тәрбие мен оқытуға жаңаша көзқарас» 2021ж Электронды орта	Толқымбекова Э.А
33	«Математическая карусель» 2023ж	Чипегина В.А
34	Методы и формы занятия физической культуры в детском саду 2025ж.	Горевой М.А.
35	«Музыка радости:Сценарий для малышей» 2025ж.	Дауева А.З.
36	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында заманауи білім беру технологиялары» 2025ж.	Бимырзаева А.Қ

7. Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі

болып табылатын оқыту нәтижелерінің болуы.

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мониторингі Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыруда педагог жұмысының сапасын жетілдіруге ықпал етеді.

Мектеп жасына дейінгі баланың даму мониторингі оның әртүрлі кезеңдегі даму динамикасын тіркеуге,

жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және онымен әрі қарай жұмысты түзетуге ықпал етеді.

Талаптарға сәйкес мониторинг:

-баланың жетістігін шынайы қадағалауға;

-мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге;

-педагогтардың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жетілдіруге;

-баланың әрбір біліктері мен дағдылары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейінанықтауға ықпал етеді.

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде балалардың жеке даму картасы толтырылды.

Балалардың жеке даму картасы бөбекжай-балабақшада барлық уақытта жүргізіліп отырады. «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер балалармен жеке түзету

жұмыстарын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұны айқындалды.

Әр оқу жылдарында баланы қолдау, оның даму ерекшелігін кәсіби түзету үшін білім беруді даралау, жеке

тұлғалық бағыт кағидасын іске асыру, балалар тобымен жұмысты белсендіру жұмыстары орын алып отырды. Өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында баланың даму мониторингін камтамасыз ететін және оның жеке даму карталары жас ерекшеліктеріне сай жабдықталған. Мониторинг нәтижелері пайыздық көрсеткішпен көрсетілген, баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасы, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар деңгейінде (І,ІІ,ІІІ-деңгей) көрсетіліп, ұсынылды.

2024-2025 оқу жылы бастапқы қорытынды

№	Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
			олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
1	Кіші топ	40	0	20	20	0	10	30	0	10	30	0	13	27	0	17	23
2	Ортаңғы топ	90	0	50	40	0	10	80	0	15	75	0	51	39	0	64	26
	Ересек топ	90	0	30	40	0	30	60	0	30	60	0	26	64	0	50	40
4	Мектепалды топ	60	0	40	20	0	30	30	0	30	30	0	29	31	0	40	20
Барлығы		280	0	160	120	0	80	200	0	85	195	0	119	161	0	171	109
%		100	0	43	57	0	29	71	0	34	66	0	32	68	0	48	52

2024-2025 оқу жылының қорытынды мониторинг қорытындысы

Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру			Барлығы		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
Кіші топ	40	30	10	0	10	0	30	10	0	30	10	0	0	0	0	56	45	11	0
Ортаңғы топ	90	64	25	5	40	40	10	40	30	20	50	25	15	45	25	20	55	25	10
Ересек топ	90	75	15	0	65	25	0	65	25	0	40	30	0	50	40	0	80	10	60
Мектепалды тобы	60	40	20	0	61	12	0	65	8	0	65	8	0	69	4	0	73	64	9
Барлығы	280	209	52	1	194	68	6	206	59	3	202	63	3	215	47	6	268	215	52
%	100	80	19	0	72	25	2	77	22	1	75	24	1	80	18	2	100	80	19

Ұсыныстар:

Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
Тәрбиеленушілердің білім көрсеткішінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар

күшейтілсін.

Барлық топтарда пәндік-дамытушы орталары толықтырылсын.

Қорытынды:

№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша меңгерушісі  Г.Т. Амирова

Комиссия мүшелері:

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша

тәрбиешісі



Д.Т. Биманова

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша

психологі



А.Р. Устабаева

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша

тәрбиешісі



А.Көшерқызы

№39 «Достық» бөбекжай-балабақша

тәрбиешісі



А.К. Махатова

Хатшы



А.З. Даева